

кетудің аз-ақ алдында қалды. Сонымен бірге 1919-1922 жылдары орын алған ашаршылықты да естен шығармау қажет.

Қолдан жасалған ашаршылықтан елімізде қазақтардың үштен бірі ғана аман қалды. 1992 жылы осы мәселені Қазақстанның жоғарғы кеңесі төралқасының комиссиясы арнайы тексерген. «Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 миллион 200 мың адамнан, яғни барлық қазақ халқының 48 пайызынан айрылды», - деген тұжырымдама жасады. Кейбір зерттеушілер аштан қырылғандар 3 миллионнан да асып түседі дегенді айтады.

Саяси қуғын-сүргін. Қазақ халқы, әсіресе оның зиялы қауымы мен партия басшылығы қызметіндегі белсенді азаматтар 1926–1930 жылдардағы қудалауға ұшырады. 1937–1938 жылдары 135 мың қазақ интеллигенциясы саяси репрессия зобаланының құрбаны болып атылды. Саяси репрессияның толқынында қаза тапқан, ақын жазушылардың басым бөлігі Қазан төңкерісіне дейінгі жылдарда қызмет еткен зиялы қауым өкілдері еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде құрбан болған қазақтар. Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікір бар. «National digital history of Kazakhstan» интернет порталының хабарлауынша, соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны.

Желтоқсан оқиғасы. Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылығы – азаттыққа ұмтылған қазақ халқының тарихындағы елеулі оқиға. Әлі күнге дейін бұл оқиғаның құпиялары толығымен ашылған жоқ.[5, 6 б].

Осындай небір зобалаң заманды бастан кешкен қазақ халқы осы күнге де жетті. Қазақстанның тәуелсіздікке жету жолындағы басты оқиғалар:

1990 жылы 25 қазан – Қазақ КСР-і өзінің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдады. Бұл Қазақстанның заңды түрде өз заңдары мен егемендігін бекіткен алғашқы қадамы болды. 1991 жылы 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент сайлауы өтті. Нұрсұлтан Назарбаев ел президенті болып сайланды. 10 желтоқсан – Қазақ КСР-і “Қазақстан Республикасы” деп аталды. 16 желтоқсан – Қазақстан Жоғарғы Кеңесі “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық заңды қабылдады. Бұл Қазақстанның толық тәуелсіздік алғанын білдіреді.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекет құру мен ұлттық бірлікті нығайту жолында бірқатар жетістіктерге қол жеткізді:

Мемлекеттік рәміздер: 1992 жылы Ту, Елтаңба, Әнұран бекітілді.

Жаңа Конституция: 1995 жылы Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды.

Экономикалық реформалар: Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшті.

Халықаралық қатынастар: Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, БҰҰ, ЕҚБҰ, ШЫҰ сияқты ұйымдарға қосылды.

Астананың ауысуы: 1997 жылы ел астанасы Алматыдан Ақмолаға (қазіргі Астана) көшірілді.

Қазақстан тәуелсіздігі – тарихи әділеттіліктің орнауы және халықтың ұзақ жылдар бойы жүргізген күресінің нәтижесі. Бүгінгі таңда Қазақстан халықаралық аренада өз орнын тапқан тәуелсіз, егемен мемлекет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы Өскембаев Қ. 9 класс, 2019
2. Қазақстан тарихы, 11 сынып. - Алматы «Мектеп», 2011
3. Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін)

Кабульдинов З., 2019

4. <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2021152-31-mamyr-qugyn-surginge-usyragan-alas-qairatkerlerine-qatysty-tyn-dereker/>

5. <https://kaz.nur.kz/society/1348815-tauelsizdikke-zhetu-zholynda-qazaq-qan/>

## **ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫН КӨТЕРУДЕГІ ҰЛТЖАНДЫ ӘЛІМХАН ЕРМЕКТИҢ ЕҢБЕКТЕРІ**

Жолтай Р.С.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. аға-оқытушы Орынбекова Р.Ж

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[rauка05@icloud.com](mailto:rauка05@icloud.com)

Қарағанды қ.

Мақсаты: деректерден Алаш Арысы Әлімхан Ермектің өмірі мен қайраткерлік қызметін зерттей отырып, өскелең ұрпаққа насихаттау.

Тарих сахнасындағы бейнесін анықтау.

XX ғасырдағы саясаттың озбырлығын тану және оның маңыздылығын көрсету.

Өзектілігі: Қазақстан егеменді ел болып, жеке мемлекеттік дәрежеге ие болғаннан бері қазақ халқының тарихына үлкен үлес қосқан аяулы тұлғаларымыз туралы көптеген ғылыми еңбектер жазылып, олардың өнегелі өмірі мен қызметі, жоғары идеялы озық ой-пікірлері, көкейкесті тұжырымдары арқылы заман сахнасына қайта көтерілуі.

Жаңалығы: Әлімхан Ермектің тікелей қатысуымен қазақ жерінің тұтастығын сақтау, шекарасын анықтау сияқты ең маңызды қызметтері арқасында ел тарихында “алтын әріппен” өз атын қалдыруы.

Әлімхан Ермеков 1891 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Темірші болысында, қазіргі әкімшілік аймақтық бөлініс бойынша Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының «Қызыларай» елді мекенінде, Үшқараның Бөріқасы деп аталатын жерде дүниеге келген [1]. Ермековтің, өз қолымен Алматы, Семей, Қарағанды қалаларының мұрағаттарында сақталған өмірбаяндық анықтамаларда: «Мен 1891 жылы Темірші болысына қарасты Қызыларайда тудым. 1899 жылы Қарқаралыдағы реалдық екі сатылы училищеге оқуға түстім, 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясында оқуымды жалғастырып, оны 1912 жылы 21 жасымда алтын медальмен бітіріп, Том технология институтының тау-кен факультетіне конкурсыз қабылдандым», - деп көрсеткен. Бұл дерек алғашқы қазақ қыздарынан шыққан дәрігер қарындасы Дәмештің (көрнекті партия қайраткері болған Темірбек Жүргеновтың зайыбы, 1990 жылдың басында қайтыс болды) жеке мұрағатында да сақталған. Ә.Ермеков 23 маусым 1970 жылы сексенге тақап қайтыс болғанда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған көңіл айтуда да осы деректер берілген [2].

1891(1890) ж Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында (нақты туылған жылы 1891 жыл, бұны Ә.Ермеков өзі белгілеп, анкета, автобиографияларында жазған, бірақ ауызша 1890 жылы, Барыс жылында туылғанмын деп айтады.

1899-1905 жж Қарқаралы қалалық училищесінде оқыған.

1905-1912 жж Семей ерлер гимназиясында оқып, үздік бітірген.

1912-1917 жж Том Технологиялық училищесіне оқуға түсіп, тау-кен факультетінде білім алып, кейіннен тоқтатқан.

1917-1919 жж Алаш Орда Қырғыз Халықаралық кеңесінің мүшесі.

1917-1918 жж Жұмысшы, солдат, Қырғыз шаруа депутаттары атқару комитетінің мүшесі. Семей облыстық Кеңесі жер бөлімі меңгерушісі міндетін атқарушы.

1917-1919 жж Семей қаласының халық ағарту бөлімінің 2 жылдық педагогикалық курсының оқытушысы.

1919-1920 жж Семей к., Орынбор қ. губревком және Кирвоенревком мүшесі, 4 ай бойы ВЦИК қарасты Кирвоенревком өкілінің міндетін атқарды.

1918-1919 жж 5 жыл бойы Том Технологиялық Институтында оқып, Земство басқармасының жер бөлімін басқарды және Семей қаласының Земство басқармасының мүшесі болды.

1920-1921 жж Том Технологиялық Институтындағы оқуын жалғастырды.

1920-1922 жж ҚазАКСР-нің, Оренбург қаласы.

1920-1924 жж Қарқаралы қ. Қазнаркомпросының 2-сатылы мектебінің меңгерушісі, облыстық математика пәнінің оқытушысы.

1923 ж Том Технология институтын бітірді.

1924-1925 жж Семей қ. Облыстық Казнаркомпрос педтехникумының математика пәнінің оқытушысы.

1925-1926 жж Казнаркомпрос халықтық білім беру институтының оқытушысы.

1925 ж тамыз-1926 ж қаңтар Қызылорда қ. ҚазАКСР Мемжоспары өнеркәсіптік секциясы төрағасының бірінші орынбасары және меңгерушісі.

1925-1927 жж Қазақ Орталық Сайлау комиссиясының мүшесі, Қызылорда қаласы.

Әлімхан Ермеков Қарқаралыда Есютин Е.Д., Кожев А.Ф., Кокорин С., Белдыцкий П., Байтұрсынов А., Чемоданов П., Подюдов Е., Аяғанов А. сияқты оқытушылардан дәріс оқып, олардың айтқандарын ой-санасына тоқып, тәрбие алады. Онда әр түрлі көзқарастарымен таныс бола бастайды. Қарқаралыға алғаш келгенде уездік мектептің мұғалімдігінен бастап, аз жыл ішінде қалалық училищенің жетекші ұстазына айналған А.Байтұрсынов бұл кезде бүкіл қыр еліне әлеуметтік қозғалыстың беделді басшысы ретінде танылып қалған болатын. Бірінші Орыс революциясының жаңғырығы іле-шала Ресей империясының шет аймақтарындағы болып өткен бүлік, ереуілдермен ұштасып жатты. Сол кезде Ж.Ақбаев Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Қ.Тоғысов сияқты қайраткерлер Қарқаралы өңірінде, тер төгіп еңбек етті. Осы Қарқаралы топырағында Әлімхан Ермековтің саяси көзқарасының іргетасы қаланып, ол халқының мұңың-мұңдап, жоғын-жоқтау жолын өз өмірінің өзегі ретінде тандап алды. Осы мақсатын нақтылы іс жүзіне асырудың алғашқы қадамын баған қалың бұқара арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен шұғылданған, еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған орта әсерін тигізді.

Өзінің ерекше алғырлығы, зеректігімен бастауыш мектепті үздік бітірген Әлімханды әкесі ежелгі досы Соколовтың кеңесімен, 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясына әкеліп орналастырады. Классикалық тілдер (латын, грек тілдері) жете оқытылатын, екі жылдық дайындық класы бар, негізгі оқу курсы 8 жылдан тұратын осы бір білім ұясы, сол кезеңнің барлық талабына жауап бере алған [3].

Алаш қозғалысы:

Патша үкіметі құлағаннан кейін елдегі қалыптасқан жағдайды айқындап, алда не істеу керектігін шешіп алу үшін жер-жерде қазақ съездері ашылып жатты. Әлімхан Ермеков, алғаш рет саяси іске алаш қозғалысына, 1917 жылы 28 сәуір- 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезіне қатысады. Онда ол басқа да адамдармен бірге съезд президиумының хатшылығына, одан кейін съезд шешімімен Семей облыстық қазақ комитетінің мүшелігіне сайланды.

Әрі қарай, қазақтардан Халел Ғаббасов екеуі Семей облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болды.

Шілде айындағы жалпықазақтық съезде Семей облысынан *бүкілресейлік* құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады.

1917 жылы 8-17 қазанда 1-Сібір облыстық съезіне, делегаттар жиналысының атынан қатысып, оның президиумына Семей облысынан кіреді. Бұл съезде Сібір автономиясының негізгі заңын жазатын комиссияға Әлімхан Ермеков кіргізіледі.

«Қазақ» газеті Алаш жолында жүрген Әлімхан Ермеков жайлы «Технологиялық институтқа тек зеректілер түседі. Әлімхан Ермеков өте білімді, сөзге өткір, шешен, халыққа қызмет етуден тайынбаған ер-азамат», - деп сипаттайды.

Әлімхан Ермековтің тарихи зор еңбегінің бірі- Қазақ автономиясы шегарасының біртұтастығын жанқиярлықтай қорғауы. Осы орайда ол 1920 жылы 17 тамызда Лениннің төрағалығымен өткен қазақ өкілдері қатысқан Халық комиссарлары кеңесінің мәжілісінде Қазақ автономиясы туралы мәселе қаралғанда, Әлімхан Ермеков Қазақстанның жағдайы туралы баяндама жасайды. Ол баяндамада Ә. Ермеков Қазақстанның шегарасы туралы мәселелерді қамтып, өктемшіл, озбыр, отаршылдық пиғылдағы өкілдемен қызу талқыға түсіп, өз ойын, пікірін тиянақты жеткізіп, жан-жақты бұлтартпас дәлелдермен қорғап шығады.

Окупанттар өз кінәсін мойындап, нәтижесінде қазақтардан тартып алынған Каспийдің теріскей жағалауындағы ені бір шақырымдық және Ертістің сол жағалауындағы он шақырымдық, ұлан-ғайыр жер Лениннің тікелей қолдауымен Қазақ еліне қайтарылды [4].

Кеңес үкіметі кезінде Қазақ автономиясын құруда Әлімхан Ермековтің өлшеусіз еңбегін зерделей отырып, онан кейінгі жасампаздық жолдары Қазақ елінің шаруашылық жайын қалыптастырып, нығайтуға халықты ағарту сияқты нақты істерге бағытталғандығына көз жеткіземіз.

Қарқаралыда мектеп ашады. Ташкент пен Алматыдағы жоғары оқу орындарында математика пәнінен дәріс оқиды.

«Ұлы математика курсы» (1935) Қазақстанның сол уақыттағы жоғарғы оқу орындарына арналған бұл оқулық белгілі сталиндік репрессияның дәл қарсаңында жарық көргендіктен, оның өмірі ұзаққа бармады. Себебі, авторы жазықсыз тұтқынға алынғаннан кейін, кітапқа да біржола тиым салынды. Бұл кітап қазірде «Қазақстан» баспасының 3500 данасынан біреуі Қарағанды қаласының облыстық мұражайында сақталған. Кітаптың мұқабасы ескірген, ішкі қағаздары әбден сарғайғаны болса да қазірдің өзінде де көмекші оқулық болуға әбден жарайды.

Тағы да бір кітабы «Қазақ тілінің математика терминдері» 1936 жылы жарыққа шығады.

Қазақ арасынан тұңғыш математика ғылымының профессоры атағын алады.

Сонымен бірге, нағыз білім мен біліктілікті қажет ететін сала – Халық шаруашылығын жоспарлау комитетінде және басқа да жауапты қызметтерде болады. 1929-1930 жылдары бір топ қазақ зиялылары абақтыға алынып, тергеуге түскенде, Әлімхан Ермековті де қоса қамайды. «Халық жауы» деген айып тағады. Алаш ісінің мүлдем құртылып, ұрпақтық сабақтастық үзіліп қалмау және ұлт зиялылары болашақты ойлап, Алаштың жас түлек дарындары М. Әуезов пен Ә. Ермековті сақтап қалу мақсатында «кінәларын мойындап» сол жылы бостандыққа шығарылады.

Алайда 1937 жылы қара бұлт Ә. Ермековтің басына тағы да үйіріліп, 1939 жылы сотталып, абақтыда 1947 жылға дейін отырып шығады. Абақтыдан шыққаннан соң жаламен қайта ұсталып, 1958 жылы босайды.

1957 жылы 26 қарашада толық ақталып, Қарағанды техникалық университетінде математика пәнінен дәріс оқиды.

1970 жылы қайтыс болады.

Қазірде Әлімхан Ермеков атында Қарағанды және Нұр-Сұлтан қалаларында көшелер бар. Қарағанды қаласының Ермеков көшесінде «Әлімхан Ермеков» атты үлкен кітап дүкені бар [5].

Ұсыныстар:

Болашақ ҚР негізін құрудағы және шекарасын анықтаудағы еңбегін ескере отырып ірі қалалардан оның атына көше беріп, мүсіндер орнатылса;

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында математика факультеттерінде үздік студенттерге оның есімімен аталатын стипендиялар тағайындалса;

Қорытындылай келе, айтқым келеді: бұл дүниеде түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақтың арасында да аз болмаған. Өз жұртына қызмет жасаған, еңбегі сінген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі. Ендеше, егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болған дәуірімізде елімізге еңбегі жанған, қаны мен жанын аямаған Әлімхан Әбеуұлы Ермеков сияқты ерлерімізді еске алайық, есте сақтайық, қастерлейік, білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өскембаев Қ.С. Әлімхан Ермеков: тұлға тағылымы. – Қарағанды: Арко, 2013. – 339 б.
2. Кыдыралина Ж.У. Алимхан Ермеков. – Алматы: ТОО «Литер-М», 2012. – 320 с.
3. Өскембаев Қ.С. Ә.Ә. Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970 ж.ж.). – Қарағанды, 2003. – 277 б
4. Пәттеев М. Алаштың ардақтысы // Ақ жол. – 2012. – 26 қараша. – Б.1-7.
5. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия [бас редакторы Б. Аяған ; редакция алқасы: С. Әбиев] .- Алматы : Қазақ энциклопедиясы , 2005.

## **1920-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНІНІҢ САЛДАРЫНАН ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР БОЛҒАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ**

Убайдуллаева Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.м., аға оқытушы Малаев Д.Б.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[nargizaubaydullaeva275@gmail.com](mailto:nargizaubaydullaeva275@gmail.com)  
Қарағанды қ.

1920-1950 жылдар аралығындағы кезең қазақ халқының тарихында аса ауыр және қиын жылдар болды. Бұл уақыт саяси қуғын-сүргіннің, ашаршылықтың және репрессиялардың кеңінен орын алған кезеңі ретінде танымал. Қуғын-сүргіннің салдарынан қазақ халқы үлкен зардап шегіп, оның ішінде Орталық Қазақстанда тұратын адамдар да көптеген қиындықтарға тап болды. Олар ел ішіндегі саяси қақтығыстар, жергілікті билік органдарының қысымымен өздерінің туған жерлерінен бас сауғалауға мәжбүр болды. Бұл мақалада біз Орталық Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған қазақ босқындарының тарихына шолу жасап, олардың басынан өткен ауыр кезеңдерді талдаймыз..

### 1. Саяси қуғын-сүргіннің басталуы

1920-шы жылдардың басында кеңес өкіметі Қазақстанда өз үстемдігін орнатуға тырысты. Әсіресе, 1929 жылы жүргізілген ұжымдастыру науқаны мен 1930 жылдары орын алған ашаршылық қазақ халқының өмірін түбірінен өзгерткен оқиғалар болды.

Қуғын-сүргін мен саяси репрессиялар негізінен большевиктерге қарсы әрекет еткендерге, сондай-ақ ұлтшылдықты қолдаған адамдарға бағытталды. 1929-1932 жылдар аралығында қазақ қоғамындағы көптеген көрнекті тұлғалар мен байлар, зиялы қауым өкілдері тұтқындалып, Сібірге, Уралға, Азия елдеріне қарай бет бұрды.

### 2. Ұжымдастыру және ашаршылық: Қазақстандағы босқындардың жаңа толқыны

Қазақстандағы ұжымдастыру мен жаппай ашаршылықтың салдарынан халықтың денсаулығы мен өмір сүру деңгейі күрт төмендеді. 1930-1933 жылдар аралығында орын алған ашаршылықтан 2 миллионнан астам қазақ қырылып, миллиондаған адамдар босқынға айналды. Босқындардың басым көпшілігі Орталық Қазақстан мен басқа да аймақтардан Қазақстанның оңтүстік және шығыс аудандарына, сондай-ақ көрші елдерге, атап айтқанда, Қытайға, Өзбекстанға, Қырғызстанға қашты. Бұл босқындардың басым көпшілігі ауыл шаруашылығында жұмыс істеді.

1937 жылы басталған сталиндік репрессиялар қазақ зиялы қауымының үлкен бөлігін жойып жіберді. Бұл кезеңде тек қазақ емес, сонымен қатар басқа да ұлт өкілдері де саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Осы уақыт ішінде Орталық Қазақстаннан және басқа аймақтардан көптеген адамдар саяси себептермен қамауға алынып, Сібірге жер аударылды. Бұл кезеңде қазақ халқының шығармашыл өкілдері, жазушылар мен ақындар, ұлтшылдар мен қоғам қайраткерлері үлкен қырғынға ұшырады. Қазақ зиялыларының көп бөлігі ату жазасына кесілді. Олар:

1. Міржақып Дулатов – қазақтың әйгілі ақыны, жазушы, ағартушы және қоғам қайраткері. 1930 жылдары ол кеңес үкіметінің саясатын сынап, ұлттық автономияны қолдаған. 1937 жылы ұсталып, ату жазасына кесілді.

2. Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің классигі, ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткері. Сәкен Сейфуллин 1937 жылы «қазақ ұлтшыл» ретінде ұсталып, ату жазасына кесілді.

3. Бейімбет Майлин – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург және ақыны. Ол да 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді.

4. Ілияс Жансүгіров – қазақтың белгілі ақыны, жазушы, қоғам қайраткері. Ілияс Жансүгіров те 1937 жылы ұсталып, жазықсыз ату жазасына тартылды.

5. Ахмет Байтұрсынов – қазақтың ұлы ағартушысы, тілші, ғалым, қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсыновтың да тағдыры ауыр болды, бірақ ол 1937 жылы кеңес үкіметінің қудалауларынан аман қалған. Дегенмен, оның шығармашылық мұрасы мен еңбектері көптеген жылдар бойы цензураға ұшырады.